

Отанды қорғау - қасиетті борышымыз!



**Құрметті отандастар!
Сардарлар мен сарбаздар!
Аса қадірлі ардагерлер!**

Биыл Ұлы Жеңіске – 80 жыл! Баршаңызға Ұлы Жеңіс күні құтты болсын! Бұл мейрам – халқымыздың жауынгерлік рухының символы. Біз елдік үшін күрескен батыр бабаларды ұлықтаймыз. Отан қорғау жолында опат болған боздақтарға тағзым етеміз. Бейбіт күнді қырағы күзетіп тұрған сарбаздарға құрмет көрсетеміз.

Ұлы Отан соғысы бүкіл адамзат үшін өте қиын сынақ болды. Оның зардабы көптеген елге ауыр тиді, солардың ішінде Қазақстан да бар. Қаһарлы күндер соғыстың тек қасірет әкелетінін көрсетті. Бейбітшіліктің баға жетпес байлық екенін ұғындырды.

Ұлы Жеңіс – тарихымыздың ажырамас бөлігі және күллі әлем үшін үлкен сабақ. Біз осы ақиқатты әрдайым есте сақтауымыз керек. Зұлмат кезеңді бастан өткерген майдангерлер қазір ортамызда отыр. Құрметті ардагерлер, барша халықтың атынан Сіздерге шын жүректен алғыс айтамын! Аға буынның өшпес ерлігі – ұрпаққа ұлағат. Отаншылдығы мен жанқиярлығы – үлгі-өнеге. Біз Ұлы Отан соғысының ардагерлерін ешқашан ұмытпаймыз! Баршаңызға бас иеміз! Халқымыз Ұлы Жеңіске өлшеусіз үлес қосты.

Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға 1 миллион 200 мыңнан астам қазақстандық аттанды. Олардың тең жартысы ерлікпен қаза тапты. Келер ұрпақтың жарқын әрі бейбіт көлешегі үшін өз өмірлерін құрбандыққа шалды.

Даңқты ұл-қыздарымыз ерліктің озық үлгісін көрсетті. Қазақтың жажуырқұт екенін паш етті. 500-ден астам жауынгеріміз Кеңес Одағының Батыры атанды. Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Сағадат Нұрмағамбетов, Иван Панфилов, Бауыржан Момышұлы, Нүркен Әбдіров, Мәлік Ғабдуллин, Сабыр Рахимов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова,

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 80 ЖЫЛ!

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ ЖОҒАРҒЫ БАС ҚОЛБАСШЫСЫНЫҢ ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ӘСКЕРИ ПАРАДТА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



Рақымжан Қошқарбаев, Хиуаз Доспанова және басқа да көптеген қаһармандарымыз өшпес із қалдырды.

Тыл еңбеккерлері соғыс жылдары жанкештілік пен табандылық танытты. Қазақстаннан майданға бір жарым мың вагон киім-кешек пен азық-түлік жіберілді. Елімізге жүздеген кәсіпорын көшірілді, көптеген жаңа өндіріс салынды. Олар өте қысқа мерзім ішінде майданға қажет өнімдер шығара бастады. Жұртымыз жұдырықтай жұмылып, күні-түні жұмыс істеп, қару-жарақ пен оқ-дәрі дайындады, әскери киім тікті. Соғыстағы он оқтың тоғызы Қазақстанда жасалды. Ұлы Жеңісті ұлықтау дегеніміз, бұл – ең алдымен, ержүрек батырларымызды жадымызда мәңгі сақтау деген сөз. Олардың ерлігі мен еңбегін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс.

Біз Жеңістің 80 жылдығын атап өтуге баса назар аудардық, еліміз бойынша мыңдаған маңызды, ауқымы кең іс-шара өткізіліп жатыр.

500-ге жуық көшеге Қазақстан қаһармандарының есімі берілетін болды. Елімізде қазақстандық майдангерлерге арналған «Батырларға тағзым» атты шеру өтеді. Адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғысқа қатысушылардың ұрпағы аталарының суреттерін көшелермен алып жүреді. Бүгінгідей жаһандық саясатқа агрессия мен қатыгездіктің жегі құрты дендеп енген кезеңде соғыстың қасіретін еліміздің барша азаматына түсіндіру аса маңызды. Ақиқатты танымай бейбітшіліктің қадірін білу мүмкін емес.

Соғыстың тарихи ақиқатын, Ұлы Жеңістің мән-мағынасын қасақана бұрмалауға жол беруге болмайды. Қазіргі құбылмалы заманда Қазақстан үшін ең басты мақсат – ұлт мүддесін қорғау. Сыртқы саясатымыз осы мақсатты қамтамасыз ету үшін жүргізіліп жатыр.

Қазақ халқы – бейбіт халық. «Жаным – арымның садағасы» деген әр намысты, айбарлы ел. Жұртымыздың ерлік дәстүрі



ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келеді. Алтын Орда, Қазақ хандығы кезіндегі баһадүр бабаларымыз кең байтақ жерімізді қорғап, кейінгі буынға аманат етті. Олардың бүгінгі ізбасарлары қазақтың мемлекеттілігін қас қақпай күзетіп тұр. Айбынды армия – тәуелсіздігіміздің қорғаны. Сарбаздарымыз елдің бейбіт өмірін, тұтастығы мен тыныштығын қорғауда. Қарулы Күштеріміз әлемдегі тұрақтылық пен келісімді сақтауға үлес қосып келеді. Жауынгерлеріміз Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік миссиясына ойдағыдай қатысуда. Бұл – бүкіл әлемдегі Қазақстан армиясына деген зор сенім. Еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру – аса маңызды міндет. Біз Қарулы Күштерімізді жаңғырта бастадық, армиямызды күшейту үшін нақты жұмыс жүргізіп жатырмыз. Осы өте маңызды мәселе бойынша Парламент заң қабылдады. Мемлекет әскери қызметшілерге, арнаулы мекемелер мен азаматтық қорғаныс саласының қызметкерлеріне әрдайым қолдау көрсетеді.

Армиямыздың күш-қуаты жауынгерлік рух пен темірдей тәртіпке тікелей байланысты. Сіздердің мінсіз қызметтеріңіз – елдегі қауіпсіздік пен тыныштық кепілі. Біз озық ойлы ұлт ретінде заң мен тәртіпті бәрінен биік қоятын болдық. Әр азаматтың бойында Отанға деген адалдық пен әділдік болуға тиіс.

Құрметті сарбаздар!

Ел қорғау – абыройлы міндет және зор жауапкершілік. Бұл – әр азаматтың перзенттік парызы. Сіздермен бірге барша азаматтамыз өмірімізді қорғауға, Қуатты, Қауіпсіз және Таза Қазақстанды құрып жатыр. Осы тарихи жұмысымыз табысты болсын! Рухымыз мықты, мемлекеттілігіміз мәңгі болсын! Көк Туымыз биікте желбіресін!

Қадірлі Отандастар! Ұлы Жеңістің 80 жылдығы құтты болсын!

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАРДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Бүгін Жетісу облысында Отан қорғаушылар күніне арналған салтанатты шара өтті. Осы жиында Астана қаласында Қазақстан Республикасының Президентінің қатысуымен өткен бас әскери шерудің тікелей эфирін жетісулықтар Талдықорғанның орталық алаңында LED экран арқылы тамашалады. Сол сияқты облыс күні 30 жас сарбазды салтанатты жағдайда әскер қатарына шығарып салды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Мерекелік шараларға облыс әкімі Бейбіт Исабаев, тыл еңбеккерлері, ҚР Қарулы Күштерінің ардагерлері, облыстық, қалалық ардагерлер кеңесінің мүшелері, Ауған соғысының ардагерлері, Чернобыль апатының зардабын жоюға қатысқандар мен Семей полигонының ардагерлері және тжалпы саны 200-ге жуық адам қатысты.

Жиналған көпшілік алдында облыс әкімі Бейбіт Исабаев сөз сөйлеп, Отан қорғаушылар мерекесімен құттықтады.

- Бүгінгі 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын. Биыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл толып отыр. Біз аға ұрпақтың асқақ рухына бас иеміз. Барша майдангерлердің есімі мен ерлігі халықтың есінде мәңгі сақталады. Отан – қастерлі ұғым. Оны қорғап, тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету – біздің армия мен басқа да күштік құрылымдардың басты міндеті. Бүгін даңқты бабаларымыздың берік дәстүрін жалғастырған жас сарбаздарды салтанатты жағдайда әскер қатарына шығарып



салып тұрмыз. Сарбаздардың әскери қызметіне табыс, баршаңызға мықты денсаулық, бейбіт те бәрекелі ғұмыр тілеймін! – деді Б. Исабаев.

Мұнан соң жас сарбаздар әскер қатарына көңелтілді. Бұдан әрі мереке әскерилердің қойылымымен және Отан қорғаушылар күніне арналған мерекелік концертпен жалғасты.

Осы күні Талдықорған әскери гарнизонының № 21751 әскери ұшқыштар бөлімшесінің «Жетісу барысы» ұшқыштары орталық алаңның

әуе кеңістігі арқылы ұшып өтті. Атап өтсек, ұшқыштардың осы құрамы Астана қаласында өткен бас әскери шеруде де өнер көрсеткен болатын.

Мерекелік іс-шараларды тамашалағандардың ішінде Талдықорған қаласының тұрғыны Айтбек Әубәкіров те бар.

- Мен Семей сынақ полигонының ардагерімін. Бүгінгі мерекелік шараларды көруге әскерде бірге болған бірнеше жолдасыммен бірге

келдік. Астанадан тікелей эфир арқылы берілген парад, Талдықорғандағы сахнадан көрсетілген отаншылдыққа үндейтін тамаша көріністер өте әсерлі болды. Жергілікті күштік құрылымдардың әскери дайындығына куә болдық. Өскелең ұрпақ біз көрген қиындықтарды көрмей, елімізде әрқашан бейбіт өмір болсын. Бұл мереке жастардың елжанды болып өсуіне, қажыр-қайратын шыңдауға ықпал етеді деп ойлаймын, - дейді ол.

Бүгін Орталық алаңға Талдықорғандағы Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы № 18 мектеп-лицейдің кадет сыныбының оқушылары да арнайы келген. Солардың бірі 7 «б» сынып оқушысы Аяулым Ақмолдаева:

- Кадет сыныбында оқып жүргенімді мақтан тұтамын. Біз пайдалы білім алып, физикалық дайындығымызды жақсы шыңдап жатырмыз. Маршпен жүруді, автомат құрылымын, ату дайындығын, басқа да қажетті машықтарды меңгеріп жүрміз. Алдағы уақытта болашағымды әскери саламен байланыстырғым келеді. Бүгінгі мерекелік шараларда әскери бөлімдердің кәсіби өнерін көріп, өзімнің болашақ таңдауыма деген сенімім еселене түсті, - дейді ол.

Еске салсақ, Талдықорғанда Отан қорғаушылар күніне арналған мерекелік концерт кешкі уақытта да жалғасады.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ АҚЫМЫНЫҢ
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ – ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН ВЬЕТНАМ КОММУНИСТИК ПАРТИЯСЫ ОК БАС ХАТШЫСЫ ТО ЛАМ ӘСКЕРИ ПАРАДТЫ ТАМАШАЛАДЫ



7 мамыр – Отан қорғаушы күні Астанада Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парад өтті. Елімізге мемлекеттік сапармен келген Вьетнам Коммунистік пар-

тиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Лам салтанатты іс-шараға құрметті қонақ ретінде қатысты.

Мемлекет басшысы парадта сөйлеген сөзінде Ұлы Жеңіс –

тарихымыздың ажырамас бөлігі және күллі әлемге үлкен сабақ болғанын атап өтті.

– Біз елдік үшін күрескен батыр бабаларды ұлықтаймыз. Отан қорғау жолында опат болған боздақтарға тағзым етеміз. Бейбіт күнді қырағы күзетіп тұрған сарбаздарға құрмет көрсетеміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Парадқа Қазақстан Қарулы күштері құрамында және басқа да құрылымдарда қызмет ететін 4 мыңнан аса адам қатысты. Сондай-ақ 200-ден аса әскери қару-жарақ пен техника, 66 әскери авиация ұшағы мен тікұшағы көрсетілді.

Бас алаңға 5 мыңнан астам көрермен жиналды. Олардың ішінде соғыс және тыл ардагерлері, дипломатиялық корпус пен халықаралық ұйымдардың өкілдері, депутаттар мен қоғам қайраткерлері, еліміздің әр аймағынан келген делегаттар, әскери-патриоттық клубтардың жас сарбаздары бар.

ҚАСЫМ – ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН ТО ЛАМ ШАҒЫН ҚҰРАМДА КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

«Ақорда» резиденциясында елімізге мемлекеттік сапармен келген Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Ламды ресми қарсы алу рәсімі өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен То Лам бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Бұдан кейін Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, Қазақстан мен Вьетнамның мемлекеттік әнұрандары шырқалды.

Президент Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитеті Бас хатшысының Қазақстанға алғашқы сапарына екі ел арасындағы мызғымас достықтың айғағы деп баға берді.

– Вьетнам – Қазақстанның Азиядағы маңызды серіктесі. Біздің өсіп-өркендеу жолындағы мүддеміз – ортақ. Мен екі жыл бұрын Вьетнамға ресми сапармен бардым. Сонда екіжақты ықпалдастықтың жаңа бағыттарын дамытуға уағдаластық. Келесі айда екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастың орнағанына 33 жыл толады. Алдағы уақытта да қос халықтың достығы нығая бермек. Мен бұған көміл сенемін. Біз ортақ



мақсат-міндеттерге жету үшін күш жұмылдыруға әрдайым дайынбыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде То Лам қазақ жерінде көрсетілген сый-құрмет үшін алғыс айтып, бүгінгі келіссөздердің нәтижесі Қазақстан мен Вьетнам арасындағы қарым-қатынастың көкжиегін кеңейте түсетініне сенім білдірді.

– Сіздің Вьетнамға жасаған сапарыңыздан кейін екі жыл өткенде

біздің делегацияның еліңізге арнайы келуі мемлекеттеріміздің ынтымақтастығы қарқынды дамып келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар өзара сенім деңгейінің жоғары екеніне айқын дәлел. Қазақстан Вьетнамның Орталық Азиядағы алғашқы стратегиялық серіктесіне айналады, – деді Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы.

БЕЙБІТШІЛІК пен ТЫНЫШТЫҚ САҚШЫЛАРЫ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БЕЙБІТ ӨКІКБАЙҰЛЫ ИСАБАЕВТЫҢ 7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қадірлі Отан қорғаушылар! Отан қорғаушылар күніне орай шынайы құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Ел мүддесі жолында қалтқысыз қызмет ете жүріп, Отан қорғаушылардың жаңа буыны біздің басты құндылығымыз – бейбітшілік пен тыныштықты қырағылықпен күзетуде. Біздің жауынгерлік дайындығы жоғары, мобильді, кәсіби армиямыз бүгінде тәуелсіз еліміздің аумақтық тұтастығы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар, аға ұрпақтың ерлікке толы шежіресіне негізделген батырлық мектебі болып отырғаны анық.



Құрметті жетісулықтар! Мамыр мерекесінде баршаңызға мықты денсаулық, толайым табыс, бақ-береке тілеймін.

Еліміз ерқашан өсіп-өркендей берсін!

ЕЛ НАМЫСЫ – ЕРГЕСЫН

Отан қорғау – азаматтардың бір басындағы көп борышының ішіндегі аса қасиетті әрі киелісі.

Мемлекеттің негізгі сүйеніші, тірегі ол – Әскер. Сондықтан әскер қай уақытта болса да бірінші орында тұруы керек. Президентіміздің тәуелсіздікті нығайту, кешегі ата-бабаларымыздың ерлік жолына адал болу жөніндегі әңгімелері ең алдымен елдің Қарулы Күштеріне тікелей қатысты. Тәуелсіздікті қорғау, оның берік сақшысы, қуатты қорғаны болу бүгінгі ел жауынгерлерінің алдындағы үлкен міндет.

Осыдан 33 жыл бұрын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Тәуелсіз мемлекетіміздің төл Қарулы Күштерін құру туралы жарлыққа қол қойған болатын. Өткен уақыт ішінде еліміздің басты құндылықтары – бейбіт өмір мен тыныштықты, өркениетті елдер қатарында қарыштап дамудың алып қадамдарын жасап келе жатқан мемлекетіміздің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында талай іс атқарылды.

Кәсіпқой армияға аяқ басқан Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің жауынгерлік дайындығы, әскери тәртібі, жеке құрамның моральдық – психологиялық жағдайы жоғары деңгейде болуы әскери қызметшілердің Отанды қорғауда қаншалықты дайын екендігін көрсетуі тиіс.

Бүгінгі сарбаздарымызда патриоттық сезім, отансүйгіштік қасиеті айрықша екенін атап айтқан жөн. Бұл қазақ елінің болашағы жарқын, халық ертеңінің тұтқасы осы сарбаздар қолында болса, онда биіктегеніміз, қанатымызды кеңге жайғанымыз, күн астындағы бүркіттей алысқа самғағанымыз деп білуіміз керек.

Біздің әскери қызметшілер жоғары кәсіби даярлық, үйлесімділік пен жауынгерлік дағдылдігін көрсетуде.

Тәуелсіз еліміз төл армиясы қатарында қызмет ету – үлкен құрмет. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарындағы әскери қызметшілерді және жеке құрамын Отан қорғаушылар күнімен, Қазақстан Қарулы Күштерінің 33 жылдығымен құттықтаймын. Сіздерге мықты денсаулық, Қазақстан Республикасының игілігі жолындағы қызметте биік табыстар тілеймін.

Д.КИРГАБАКОВ,

Ақсу ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, майор.

АҒАЛАРДЫҢ АРДАҚТЫ ІСІ КЕЙІНГІ ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ



Баршаңызды аудандық мәслихат депутаттары мен қызметкерлері атынан 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні мерекесімен құттықтаймын!

Бұл мереке – ерліктің, қаһармандық пен елдіктің нышаны, Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі. Құрметті ардагерлеріміз болашақ ұрпақ үшін жарқын үлгі болып қала берері сөзсіз.

Екінші дүниежүзілік соғыста миллиондаған қазақстандық неміс фашизміне қарсы күресте қан майданда жан алысып, жан беріскеніне тарих куә.

Оның ішінде біздің ақсулықтар да бар. Сондықтан да Жеңіс күні қазақ елі үшін, біз үшін айтулы мерекелердің бірі. Адамзат тарихындағы ең ауыр қантөгіс соғыс аяқталғанына 80 жыл өтіпті. Зарықтырып жеткен Жеңіс күнінің қадірі бәріміз үшін тым қымбат. Сұрапыл соғыс адамзаттың жүрегіне өшпес жара салды. Ауылда қалған кемпір-шал, бала-шаға зуылдаған оқ пен лапылдаған от - жалынның арасында жүрген бауырына, әкесіне, ағасына сеп болсын деп, бар күш - қайратын жұмсады. Тылдағы әрбір күн соғысқа тең еді. Ардагер көрген зұлматты сен көрген жоқсың замандас, сол үшін оны құрметте!

Ұлы Жеңісті жақындатуға абзал арыстандарымыздың майдан даласында, отандастарымыздың тылда қосқан еңбегі өлшеусіз. Ағалардың ардақты ісін бүгінгі күні кейінгі ұрпақ лайықты табыстармен жалғастырып келеді.

Бұл – жанқиярлық ерліктің, еңселі елдіктің рухы биіктеп, Жеңістің жалауы желбіреген күн. Ел тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы бейбіт күннің арқасы. Осынау ұлы мереке қарсаңында сіздерді Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Елімізде бейбітшілік, тыныш өмір, береке – бірлік сақталсын! Еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, молшылық және жақсылықтар тілеймін!

Бейбіт СҮЛЕЙМЕНОВ,
аудандық Мәслихат төрағасы.

Аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлының мерекелік құттықтауы

Ардақты аудан тұрғындары! Қадірлі Отан қорғаушылар! Тыл ардагерлері және осы атаққа теңестірілген аудан азаматтары! Сіздерді Отан қорғаушылар күнімен және Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

7 мамыр Отан қорғаушылар күні. Бұл әр уақытта Отан күзетіндегі сарбаздардың патриоттың сезімін, елжандылық қасиеттерін паш ететін, күні кеше ел қорғаған азаматтардың ерлігін еске алатын ерекше мереке. Тарих толқынындағы біздің даңқты ардагерлеріміздің ерлігі кейінгі буын жауынгерлерге үлгі болып келеді.

Ұлы Отан соғысындағы жеңіске биыл 80 жыл. Осынша жыл өткеніне қарамастан соғыс салған жара күні бүгінге дейін есте сақтаулы. Бұл соғысқа Ақсу өңірінен 6 мыңнан астам адам аттанып, солардың жартысына жуығы майдан даласында ерлікпен қаза тапты. Ақсулық жауынгерлердің екеуі – Нұрсұлтан Есеболатов пен Есмұрат Сиқымов Кеңес Одағының Батыры деген ең жоғары атаққа ие болды. Сан жүздеген жерлестеріміз әртүрлі ордендер мен медальдардың иегері атанды.

Құрметті ардагерлер!

Сіздердің ерліктеріңіз тарихта алтын әңбектеріңіз кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге болып саналады. Жыл өткен сайын ардагерлердің қатары сиреп, соңғы батырымыз өткен жылы 102 жасқа толып, өмірден өтті. Басқа облыс, аудандарда бар шығар, алайда, саусақпен санарлық қана. Сол кезде бала болса да аналарымен бірге



еңбекке араласқан тыл ардагерлерінің өзі көп емес. Сондықтан мемлекетіміз майдан ардагерлерінің әлеуметтік – тұрмыстық жағдайын жақсартуға, әл ауқатын көтеруге қамқорлық көрсетіп отыр. Бұл бүгінгі таңдағы ұрпақтың абыройлы парызы. Біздер майдангерлердің соғыстағы ерен ерлігіне тағзым етеміз.

Ұлы Жеңісті жақындатуға майданда да, тылда да күрескен жанның барлығы айырықша құрметке ие!

Барлықтарыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбастарыңызға береке мен бірлік тілеймін.

Еліміздің аспаны ашық, ерқашанда бейбітшілік болсын. Ендігі ұрпақ соғыс өртен көрмесін деп тілеймін.

Жетісуда тыл еңбеккерлеріне, құқық қорғау мен әскери органдар қызметкерлеріне құрмет көрсетілді

Жетісу облысында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай архив мәліметтері бойынша кітап шығарылды

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ
ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІ, ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ
ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУІ

ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІ, ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ
ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУІ



Бүгін облыс әкімі Бейбіт Исабаев Талдықорғандағы Салтанат сарайында Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мен Отан қорғаушылар күніне орай өңірдегі тыл ардагерлерімен, құқық қорғау органдарының, әскери құрылымдардың қызметшілерімен кездесу өткізді. Салтанатты шарада 50-ге жуық азаматқа мерейтойлық медаль мен облыс әкімінің "Құрмет Грамотасы" және "Алғыс хаты" тапсырылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Қатар келген екі мерекенің мән - маңызына тоқталған өңір басшысы аймақтағы ардагерлерді қолдау шараларына, құқық қорғау органдары мен әскери саланың материалдық-техникалық базасын нығайту бағытындағы істерге қысқаша тоқталып өтті:

- Сурапыл соғыс жылдары тылда күн - түн демей еңбек етіп, майдан даласын қажеттілікпен қамтамасыз еткен біздің тыл еңбеккерлерінің Ұлы Жеңіске қосқан үлесі ұшан - теңіз. Жалпы бүгінде облыста 1598 тыл еңбеккері бар. Сіздерге әрдайым қамқорлық пен қолдау көрсету - біздің парызымыз. Ол міндетті орындау мемлекеттің ел тарихына тағзымы, ардагерлерге деген айрықша құрмет деп білеміз. Бүгінде Қазақстан жаңа кезеңге қадам басты. «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасы ел ішіндегі заң мен тәртіпті нығайту, әлеуметтік әділеттілікті орнату бағытында нақты қадамдарға жол ашты. Яғни құқық қорғау органдарының қызметіне артылар жауапкершілік жүгі зор. Бүгінгі кездесуде сол жауапты міндетті абыроймен атқарып жүрген барша азаматтарға ризашылығымызды білдіреміз, - деді Бейбіт Исабаев өз құттықтау сөзінде.

Мұнан соң тыл еңбеккерлері атынан Рысбек Қуатов пікірін білдірді:

- Біздің әкелеріміз соғыста ержүрек қайсарлығының, ел бірлігінің арқасында Жеңіске жетті. Солардың арқасында



біз бейбіт те бақытты өмір сүрдік. Қазір менің жасым 90-ға келді. Біздің буын жас ұрпақты елжанды, адал, берекелі-бірлікті азамат етіп тәрбиелеуге тырыстық. Қазі білім-ғылымның, технологияның заманы, сондықтан жастарға өзінің рухани өсуіне көп мән беруі керек. Сонда жақсылықтар үзіліссіз жалғасады, Жеңістің жемісі деген сол. Ұрпақтарымыз өсіп-өніп, еліміз гүлдене берсін! - деді қария.

Сол сияқты тыл еңбеккері Зәуреш Бейісбекова, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемейіт те жиналған қауымға ізгі тілектерін жеткізді.

Жиын барысында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Жетісу облысының мемлекеттік архиві құрастырып, облыс әкімдігінің қолдауымен жарық көрген «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс» атты кітаптың тұсауы кесілді.

Мұнан соң марапаттау рәсімі атқарылды. Атап айтқанда, тыл еңбеккерлеріне және соғыс ардагерлерінің жесірлеріне «Ұлы Жеңістің 80 жылдығы» мерейтойлық медалі берілсе, құқық қорғау органдары мен қорғаныс саласы қызметкерлеріне облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табысталды.

Еске салсақ, жылдағы дәстүр бойынша биыл да ардагерлерге материалдық көмек беріліп, бұл мақсатқа 393,8 млн.теңге бөлінді. Сол сияқты медициналық көмек те жүйелі түрде көрсетіліп, санаторлық-курорттық жолдамалар беріледі. Мысалы, сәуірден бастап 9 мамырға дейін өңірде денсаулық айлығы өтіп жатыр. Сол сияқты Талдықорған қаласында және Сарқан ауданында белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары жұмыс істейді.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотосуреттерді түсірген: Жәніс ЫСҚАБАЙ.

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ КӨШЕГЕ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ САҒАДАТ НҰРМАҒАНБЕТОВТИҢ ЕСІМІ БЕРІЛДІ



Бүгін Жетісу облысында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Талдықорған қаласындағы көшеге Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, Армия генералы, тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағанбетовтің атына көше беру салтанаты өтті. Салтанатты жиынға облыс әкімі Бейбіт Исабаев, Батырдың немересі Айжан Нұрмағанбетова, әскери қызметшілер, ардагерлер, қала жұртшылығы қатысты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Көше атауын беру туралы бастаманы алғашқы болып Талдықорған қалалық Қарулы Күштер Ардагерлер кеңесінің өкілдері көтерген болатын. Бұл бастама тиісті ономастикалық комиссия тарапынан қолдау тапты. Атап өтсек, облыс орталығының «Шығыс» шағын ауданында орналасқан, бұрын атауы болмаған бұл көшенің ұзындығы 1,7 шақырым. Және бұл - Талдықорғанда Халық қаһарманы атағына ие адамға беріліп отырған алғашқы көше.

Мерекелік жиында алдымен көше атауы белгісі салтанатты түрде ашылды. Талдықорған әскери гарнизонының үрмелі аспаптар оркестрі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындап, атқыштар тобы салтанатты түрде аспанға оқ атты.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың айтуынша, Кеңес Одағының Батыры Сағадат Нұрмағанбетовтің атына көше беру - Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңындағы маңызды шараның бірі.

- Бүгінгі шара - Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, тыл еңбеккерлеріне, бүгінгі бейбіт өмірді сыйлаған барша аға буынға халықтың көрсеткен үлкен құрметі деп білемін. Сағадат Қожахметұлы -

ержүрек жауынгер ғана емес, Қазақстан Қарулы Күштерінің тізгінін ұстаған мемлекет қайраткері. Ол тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан Армиясының негізін қалауға бар күш-жігерін жұмсап, елшіуесіз үлес қосты. Осындай біртуар тұлғаның әскери мұрасын зерделеу, өнегелі өмірін ұрпаққа насихаттау - біздің ортақ парызымыз, - деді Б.Исабаев.

Мұнан соң сөз алған Батырдың немересі Айжан Нұрмағанбетова жиналғандарды мерекемен құттықтап, осы игі істің

мәліметтер берілген. Екінші бөлімде облыстың аудан-қалаларынан жинақталған 939 ардагердің тізімі мен суреттері басылса, үшінші бөлім тылдағы өнеркәсіп, мекемелер мен ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің жеңіске жету жолындағы ерен еңбегі мен ауыр өмірі жайлы сыр шертеді. Төртінші бөлімге архивте мемлекеттік сақтауда тұрған жеке тектік қор құжаттарынан қолжазбалар, сақталған жауынгерлік хаттар, естелік жазбалар т.б. құжаттар енгізілді. Сонымен қатар Орталық мемлекеттік архивте, Орталық мемлекеттік ғылыми техникалық құжаттама архивінде сақталған Жетісу өңірінен аттанған жауынгерлер туралы құнды құжаттар да жинақтан тыс қалған жоқ. Бесінші бөлім архивтік фотоқұжаттар топтамасынан тұрады.

- Архив - қашанда құнды құжаттар қазынасы. Ол жай сақталып қана қоймай, ұрпақтың өз тарихы мен тұлғаларын тануына қызмет етуі тиіс. Сондықтан Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында Отан соғысы кезеңінің шежіресін шертетін, жеңісті жақындатқан жауынгер батырлар жайлы жинақ дайындауды жөн көрдік. Архив материалдары 6 ай бойы жинақталды. Бұл жұмысқа облыстық архив қызметкерлері түгелге дерлік тартылды. Жинақты архив құжаттарына, жауынгерлердің хаттарына, соғысты өз көзімен көрген майдангерлердің естеліктеріне сүйене отырып құрастырдық. Бұл еңбекті болашақ ұрпақтар да оқып, пайдаланады деп ойламын, - дейді Жетісу облысының мемлекеттік архивінің директоры Гүлжихан Истамбекова.

Атап өтсек, кітап 1 мың данамен жарық көрді, алдағы уақытта өңірдің барлық кітапханалары мен архивтеріне таратылады деп жоспарланып отыр.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

есімімен аталатын көшелер бар деуге болады. Қайраткер тұлғаға құрмет көрсетіп, есімін ел есінде мәңгі қалдыру мақсатында бүгінгідей іс-шараны ұйымдастырғандарыңыз үшін Қорғаныс министрлігіне, облыс әкімдігіне, барша азаматтарға ризашылығымызды білдіремін, - деді ол.

Салтанатты жиын Жетісу облыстық Д.Рақышев атындағы филармонияның «Күрнебел» тобының орындауындағы «Отан» әнімен қорытындыланды.

Еске салсақ, Сағадат Қожахметұлы Нұрмағанбетов 1924 жылы қазіргі Ақмола облысы Ақкөл ауданы Қосым ауылында туған. 1942 жылы кеңес әскері қатарына қабылданып, Түрікменстанда пулеметшілер дайындайтын училищені үздік аяқтаған соң взвод командирі ретінде майдан шебіне аттанады. Кубань, Дон, Молдавия жерлерінде, Одер, Шпрее өзендерінің бойында жан алысып, жан беріскен шайқастарға қатысты. 1945 жылы 21 жасында Сағадат Нұрмағанбетовке Кеңес Одағының Батыр атағы және «Алтын жұлдыз» берілді. Қазақстан Президентінің Жарлығымен 1991 жылы Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы, 1992 жылы Қорғаныс министрі қызметіне тағайындалды. 1994 жылы «Халық Қаһарманы» атағы беріліп, №1 «Алтын Жұлдыз» табысталды. 1995 жылы Армия генералы атағымен отставкаға шығып, Қазақстан Президентінің кеңесшісі болды.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотографтар: Жәніс ЫСҚАБАЙ, Дмитрий ЕРОФЕЕВ.

Ешкім де, еш нәрсе де ұмбаймайды

МЕНИҢ ӘКЕМ МЕРГЕН

Бүткіл халқымызды Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, сол жеңісті көзімен көріп, елге аман - есен оралған әкеміз Елубаев Жанатбек туралы біраз мағлұмат жазып отырмын. Әкемнің өз аузынан жазып алғаным: Сталинградтың батыс жағында жаяу әскерде болдым. Днепр-Донда болдым, көпір бұзылып, оны қайта орнына келтірдік. 24 сентябрь 1942 жылы жараланып Чкалов госпиталында емделдім. Чехословакияны азат етуде, Карпат түбінде, Сталинград, Дон түбінде көп шығынға

берілген ордендері бар. Соғыстан келісімен Үлгілі колхозында ауылшаруашылығы жұмыстармен айналысты. Егін суғару, мал азығын дайындау сияқты.

1950 жылы 5 колхоз бірігіп, орталығы Молотов атындағы колхоз болды, кейінде Қызылтаң қой совхозы болып аты өзгерді. Ол кезде әкеміз совхоздың алдыңғы қатарлы қойшысы болды. Бұл жолында да еңбегі бағаланып аудан орталығынан алған Мақтау Грамоталары баршылық.

Әкеміздің бойында емшілік қасиеті де болды, әсіресе,



Ұлы Отан соғысы тарихында нағыз ерлердің есімдері — майдан отынан өтіп, болашақ ұрпақ үшін өз өмірін аямай күрескендердің есімдері — мәңгілік ұрпақ жадында сақталады. Сол қаһармандардың бірі — Хасен Аязбекұлы Аяз-

атып түсіріп, олардың барлау жасап, шабуыл жасауына мүмкіндік бермеді. Осы ерлігі үшін «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

1944 жылдың қарашасында Хасен Аязбекұлы, зениттік пулемет ротасының пулемет бөлімшесінің командирі, гафдия сержанты ретінде, тағдыра «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Ол Польша жерін азат етуге қатысып, Германияға дейін жетті және соғыс аяқталған соң екі жыл бойы әскер тобының құрамында қызметін жалғастырды. Ерлігі мен Отан алдындағы еңбегі үшін Хасен Аязбекұлы екі мәрте



ТАРИХҚА ТАҢБАЛАНҒАН ЕСТЕЛІК

Аязбеков Хасен Аязбекұлы — ӨЗ ДӘУІРІНІҢ ҚАҒАРМАНЫ

беков еді. Оның өмір жолы — батырлықтың, табандылықтың және нағыз патриотизмнің үлгісі.

Хасен Аязбекұлы 1924 жылдың 29 желтоқсанында Қазақ ССР-інің Талдықорған облысы, Бұрлытөбе ауданы, Ерінті колхозында дүниеге келген. Соғыстың нағыз қызған шағында, 1942 жылдың тамыз айында, ол Алма-Ата облысы, Ақсу аудандық әскери комиссариаты арқылы майданға шақырылады. Әскери қызметінің алғашқы күндерінен бастап-ақ Хасен Аязбекұлы ерлік пен қайсарлық танытты. Ол 205-ші гвардиялық атқыштар полкінің, 70-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының, 76-шы гвардиялық атқыштар дивизиясының құрамында және зениттік пулемет ротасы мен 1-ші қосалқы атқыштар полкінде қызмет етті.

Атамыздың жауынгерлік жолы Курск-Орёл доғасындағы жан алысып, жан берісіп өткен ұрыстардан басталып, Припять өзенінен бастап Батыс Буг және Брест-Литовск қаласына дейінгі шайқастарды қамтыды. 1944 жылдың 26–30 тамыз аралығында Польшадағы Варшава воеводствосы, Радимин уезінің солтүстігіндегі Ревентувки ауылы маңындағы шайқастарда, алғы шепте болып, жаудың артиллериялық және минометтік отына қарамастан ДШК пулеметінен жау ұшақтарын

«Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен, «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен және I дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды. 23 жасында капитан шенінде еліне оралды және өмірінің соңына дейін арнамысын жоғалтпаған, нағыз ер азамат болып қалды — ол XX ғасырдың ең ауыр сынағынан өтіп, еліне елеулі азамат болып қалды.

Осындай адамдар жайлы естелік — бұл жай ғана тарих емес. Бұл — біздің ар-ұятымыз, тірегіміз және бейбіт өмірдің қандай құрбандықпен келгенін еске салар мәңгілік белгі. 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай біз ерекше ықыласпен сол жеңісті жақындатқан, өз өмірін, арнамысын, ерлігін қиғандарды еске аламыз. Солардың ішінде — біздің қаһарманымыз, мақтанышымыз, атамыз, арғы атамыз — Хасен Аязбекұлы Аязбеков бар. Ғасырлар өтсе де, жүрегімізде сақталған естелікпен, біз олардың есімдерін ұмытпаймыз. Аталарымыздың аты отбасымызда құрметпен аталып, ұрпақтан ұрпаққа беріледі — бұл ерлік пен ар-намыстың, Отанға деген шексіз махаббаттың нышаны. Біз тек еске алмаймыз — біз мақтан етеміз. Бұл естелікті тек

біз, ұрпақтары ғана емес, бүкіл ел де бағалайды. Оның ерлігі тарихқа жазылды, жүрегімізде із қалдырды. Хасен Аязбекұлы — жай ғана соғысқа қатысушы емес, нағыз батыр болған. Әр қадамы, шайқастағы әр шешімі — Ұлы Жеңіске қосқан үлес. Дәл осындай жандардың арқасында 9 Мамыр күні елімізде бейбіт күн шуағы орнады.

Бүгінде, 80 жыл өткен соң, біз алғыс білдіріп, басымызды иеміз. Біз тек соғысты ғана емес, ол бізге қалдырған бейбіт өмірді де еске аламыз. Біз өмір сүрудеміз, армандаймыз, ұрпақ өсіріп жатырмыз — мұның бәрі сол ерлік пен табандылықтың арқасында мүмкін болды. Біздің отбасымызда Хасен Аязбекұлының есімі — қасиетті. Біз ол туралы балаларымызға, н е м е р е л е р і м і з г е, ш е б е р е л е р і м і з г е айтып отырамыз. Біз оның суреттерін, хаттарын, марапаттарын мұқият сақтап келеміз. Біз — арлы, адал, Отанын сүйетін азамат болып, атамыздың салған жолын жалғастырамыз. Оның ерлігі мәңгі жасасын. Әрқайсымыз Ұлы Жеңістің және оны сыйлаған қаһармандардың тірі естелігі бола білейік.

Марал АҚБОЛАТОВА,
немересі, PhD докторы,
қауымдастырылған профессоры.



ұшырадық. Одан Германия шекарасында Карпат тауында төрт айдай табан тірестік. Сонымен Германияға басып кірдік түнде. 7 май күні соғыс бітті — деп хабарлады, 8 май күні сағат 5-те қуанышымызда шек болмады. Содан 4-5 ай Берлинде болдық, қала ішін тазалау, қираған үйлерді орнына келтіру үшін жұмыста болдық.

Әкем елге 1945 жылы тамыз айында аман - есен оралды.

Соғыста алған наградаларын жазайын:

Берлинді азат етудегі наградасы, 3 май 1945 жылғы тағы ордені бар, Праганы азат етудегі наградасы, 10 май 1945 жылғы ордені бар және 2 дана соғыста алған Қызыл Жұлдыз ордендері бар. Ұлы Жеңістің 25 жылдығына, 50 жылдығына, 60 жылдығына, 70 жылдығына орай

соғыстан бұрынғы кездерінде ауылда дәрігер жоқ, амалсыздан әкеміздің көмегіне жүгінген ауыл адамдарының айтуы.

Әкеміз соғысқа кеткенде мен ғана болдым ананың тәрбиесінде. Әкем келгеннен кейін отбасымызда балалар болды, барлығы да оқып, жоғары білім алып қызметтерінде. - «Әке, соғыста қандай жағдайда болдыңыздар, ыстыққа да, суыққа да шыдап, барлық қиындықтарға шыдауға тура келген шығар. Міндетінді дұрыстап атқарған шығарсыз, мерген болдыңыз ба?» - деп сұрасақ: - «Мерген тұрмақ, Снайпер болғам!» - деп бізді күлдіртетін.

Әкеміз балаларынан немерелер, шөберелер көріп, 1991 жылы 84 жасында өмірден өтті.

Нұршакен ЖАНАТБЕКҚЫЗЫ,
зейнеткер, еңбек ардагері.

АЛАТАУҒА ТЕҢЕЛГЕН ӘКЕ



Екінші дүниежүзілік соғыс жалпы адамзат баласына соның ішінде біздің қазақ халқына зор қиыншылықтар әкелді. Ауылда өскен балалар кішкене кезімізде соғыс туралы ойын ойнап, кейін өсе келе әкелеріміздің сол соғыста болып келгені келіп, келмегені мәңгілік сол жақта қалғанын білдік. Кіп - кішкене Жаңалық ауылынан жүзден аса азаматтар әскерге алынған екен. Біздің Мұхамәдиевтер әулетінен үш бірдей әкеміз барып, Мұхамәдиев Құсайын сол неміс жерінде қалып, менің әкем Мұхамәдиев Байсалдымен інісі Мұхамәдиев Рысбай елге оралған, Мұхамәдиев Байсалды Жетібайұлы 1910 жылы Талдықорған облысы, Ақсу ауданы, Жаңалық колхозында қарапайым отбасында дүниеге келген, жастайынан мал бағып еңбекке араласқан, ағасы Жетібайұлы Қапыш әкеміз сол кезде колхоз құрылып, басқарма болып соғысқа бармай қалған, әкем Байсалдыны тракторға отырғызып үйреткен. Соғысқа дейінде жоқшылық болды, әкешелерінен ерте айырылды. Сол жылдары Қызылорқа қазіргі Қаракөз ауылы әр жерде колхоздар ұымдастырылып, Жаңалық, Жаңатілеу, Бірлікті, Құмжарған болып шоғырланған екен. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып, колхоздардың жұмысы қиындай бастайды, ер азаматтар шетінен майданға аттанды, әйелдермен бала - шағалар солардың орнына жұмыс істеді. 1942 жылдың қазан айында Мұхамәдиев Байсалдыға майданға шақырту қағазы келіп, сол жылы күзде Сталинград облысының маңындағы №2660-шы жаяу Әскери атқыштар полкіне түседі. Алғашқы дайындықтан соң 1943 жылдың қаңтар айында бірінші жаумен ұрыста сол аяғының жоғарғы жағынан оқ тиіп, ауыр жарақат алады, сол жылы әскери госпитальде төрт айдан соң 1943 жылдың сәуір айының төрт күні

қатардағы жауынгер Мұхамәдиев Байсалды елге қайтарылады. Елге оралысымен әкем колхоздың тіршілігіне араласады. 1945 жылы соғыс аяқталысымен елге қайта құру дәуірі басталады. 1962 жылы Басқан қой совхозы болып, Қаракөз ауылынан бөлініп шығады, анам Оразайқызы Рысай екеуі бір отар қойдың шопаны болып шыға келеді. Қазақстанда қой санын 50 миллионға жеткізу мал басын өркендету кезеңі міндеті тұрады. Сол жылдары мал жайлаудан түскеннен кейін, мал

қызмату науқаны Құрақсу жерінде өтетін. Әкеммен бірге шопандар Шатырбай, Мәлік, Сарбатыр, Тынысбек, Қабдолда т.б. Қытай Халық Республикасынан келген ағайындар Басқан қой совхозын көтеруде үлкен үлестерін қосты, қыстың суығына, жаздың аптап ыстығына қарамай еңбек етті, Сол жылдары қыста мал төлдетуде сапалы төл алғаны үшін Батенов Шатырбай Ленин орденімен, Мұхамәдиев Байсалды Еңбек Қызылту орденімен марапатталған екен. 1969 жылы әке - ше-

шем кезекті еңбек демалысына шығып, шопан таяғын қызы Мұхамәдиева Бақыт әпкеме, күйеубаласы - жездем Смағұлов Сарқытқа ұстатты. Бүгінгі менің бала кезімнен естіп - біліп жүрген осы естелігімізді арттағы келешек ұрпақ біліп жүрсін деп Сіздерге жазып отырмын. Естелігіміздің соңында Алатауға теңелген әке тақырыбының қызықты оқиғасымен аяқтағым келіп отыр. Малшылар күзде жайлаудан түсіп, канал жағалай отырғанда совхоздың белді жүргізушісі Иманқасенов Есімқанға машинамен малға бара қалады, сол кезде алдынан шыққан Байсалды әкеме аға мен сізге тамаша ән шығардым дейді, жүр онда деп үйге кіріп, дастархан басына жайғасқан соң Рысай әкел ана сандықтағыны деп бір жартыны бастап жіберіп, Есімқан аға өзінің қоңыр дауысымен:

Алып тұлға **Байсалды,**
Алаулаған Алатау,
Жер тұлғасы жастарға,
Қайрат берген Алатау,
Айбат берген Алатау,
Қайрат берген Алатау - деп, Нұрғиса Тілендиев ағамыздың әнін басынан аяғына дейін айтып шығып, әкемді риза қылып шешемнің сандықтағы бір литрін ішіп қайтыпты, сол кезде шопандардың бөріде қол радиосы болатын, бір жеті өткен соң сол радиодан Қуат Суат Бұрсейітовтер осы Алатау әнін шырқап тұрса, әкем марқұм: «Әп - бөлем» Иманқасеннің ұлы мені алдаған екен ғой, - деген екен.

Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 80 жылдығына орай майдангер әкелерімізді еске алып, кейінгі жас ұрпаққа үлгі - өнеге болу мақсатында жазып отырмын.

Серік МҰХАМАДИЕВ,
"Ақын Сара" мәдениет үйінің қызметкері.

БЕЙБІТ ИСАБАЕВ Өңірдегі Ардагерлер ұйымдарының өкілдерімен кездесті



қатысқандар, Семей полигонынан зардап шеккендер, Желтоқсан оқиғасына, Тәжік-Ауған оқиғасына, Таулы Қарабақтағы әскери іс-қимылдарға қатысушылар, облыстық Ардагерлер кеңесінің мүшелері келді.

Кездесуде «Ауған соғысы ардагерлерінің кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бауыржан Барлыбаев пікірін білдіріп, ардагерлерге көрсетілген сый-құрмет үшін алғысын жеткізді, жастарға ақыл-кеңесін айтты:

- Бірінші кезекте баршаңызды алда келе жатқан Отан қорғаушылар күнімен және Жеңістің 80 жылдығымен құттықтаймын. Біз ата-бабаларымыздың ерлігін ешқашан ұмытпаймыз, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткіземіз. Жастарға айтарым, Армия қатарында қызмет етуден қашпау керек. Өйткені, Отанды қорғау - әр азаматтың қастерлі парызы. Біз ардагер аға буын ретінде жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге өз үлесімізді қоса береміз, - деді Б.Исабаев.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ ӨКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотограф: Жеңіс ЫСҚАБАЙ.

Бүгін Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев облыстық ардагерлер ұйымдарының өкілдерімен кездесіп, жиналған көпшілікті Отан қорғаушылар күнімен құттықтады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жиында өңір басшысы аймақтың елеулі экономикалық дамуы туралы қысқаша баяндап, облыстың дамуына қосқан үлестері үшін ардагерлерге ризашылығын білдірді.

- Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Ең бастысы, мемлекет пен қоғамның ерекше қорғауында болатын құрметті ардагерлерімізге айрықша көңіл бөлеміз», - деген болатын. Соған сәйкес біз жыл сайын ардагерлерге қолдау шараларын тұрақты көрсетіп келеміз. Өңірдің қоғамдық өміріне үлес қоса отырып,

сіздер өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге қолдау көрсетіп келесіздер. Осы орайда облыста іске асырылып жатқан «Әдеп-құқықтық жұмыс жөніндегі ментор» жобасына белсене қатысқандарыңыз үшін алғыс айтамын. Сіздер сияқты азаматтардың жүргізген дәрістеріне 6 мыңдай оқушы тартылды. Жеңістің 80 жылдығына және Отан қорғаушылар күніне арналған іс-шараларда да белсенділік танытасыздар деп сенемін, - деген Б.Исабаев мұнан соң марапаттау рәсімін атқарды. Бұл ретте 13 ардагерге облыс әкімінің "Алғыс хаты" тапсырылды.

Атап өтсек, кездесуге өңірдегі бірқатар ардагерлер ұйымдарының мүшелері, соның ішінде Ауған соғысына қатысушылар, Чернобыль апатының зардабын жоюға

"ЖАС ТІЛШІ - 2025" БАЙҚАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



Тектілігін парасаттылығымен, көркем мінезімен, көпшілікпен сыпайы қарым - қатынасымен, биік болмысы, кісілік келбетімен адамгершіліктің ғажайып үлгісін көрсете білген алдыңғы толқын ағаларымыз қаншама. Солардың бірі, бірегейі білікті журналист Мұхаметәлі Найманханұлы еді. Иә, Жайлау ағамыз артына қалдырған мол рухани мұралары арқылы саф алтыннан құйылғандай ғұмырлық зәулім мүсінін сомдап кетті.

Жарық дүниеде 68 жыл ғұмыр кешіп, өмірден өткен аяулы жерлесіміз, танымал журналист, жазушы, ақын, зертеуші, тәлімгер ұстаз, белсенді қоғам қайраткері, адал азамат Мұхаметәлі Найманханұлы артына өзінің екінші ғұмырын ұзақ жылдарға жалғастыратын 20 - дан астам кітаптан тұратын әдеби мұра қалдырып кетті. Осы бай қазынаны зерделеп, оқып, зертеуден өткізіп жас ұрпақтың кәдесіне жарату бізге аманат болмақ.

Осы аманатты орындау мақсатында және ұстазымыздың 12 мамырда өмірден өткеніне 4 жыл болуына байланысты бір ай бұрын аудандық газетте Ақсу ауданының «Құрметті азаматы», КСРО және ҚР Журналистер Одағының мүшесі, «Ақсу өңірі» газетінің бұрынғы редакторы Мұхаметәлі Найманханұлы атындағы «Жас тілші - 2025» аудандық байқауының ережесін жариялап аудан мектептерінің 8 - 11 сынып оқушылары арасында еске алу байқауын ұйымдастырған едік. Байқаудың мақсаты - аудан мектептері оқушылары арасында журналистикаға бейім балаларды анықтау және Мұхаметәлі Найманханұлын еске алу және жас ұрпақ арасында еңбектерін насихаттау.

Байқауға аудан мектептерінен жиырмаға жуық оқушы қатынасып, мақалаларын жолдады. Соның он алтысы бейге қатысып, газетке жарияланды. Газетке жолданатын мақаланың эстетикалық, саяси мағынасын тілшілер тарапынан зерделеуге редакциялық кеңес тобы құрылып, мақалалар өз деңгейінде бағасын алды. Негізі ауданымызда журналистикаға бейім оқушылар бар екеніне осы байқауда көз жеткіздік. Мақалалар бірінен бірі асып, қазылар алқасы жүлдегерлерді таңдауда әбден қиналды.

Сонымен сәуір айының соңында «Молықбай» атындағы мәдениет үйінде марапаттау рәсімі өтті.

Бір ай бұрын пысықталып, дайындалған шара өте жоғары деңгейде өтті. Мәдениет үйінің кіре беріс фаэсінде аудандық кітапхана кітап көрмесін ұйымдастырып, келген қонақтарға таныстырып өтті.

Ары қарай шараны мәдениет үйі қызметкерлері жандандырып, Жайлау ағамыздың өлеңдерін оқып, мәнерлі сөзбен, әсем әнмен көркемдеп жіберді.

Алғашқы сөз кезегін алған аудан әкімі аппаратының басшысы, әдеп жөніндегі уәкіл Ерасыл Сембаев Мұхаметәлі Найманханұлының өмір жолымен таныстырды. Досы Болатхан Боранбаев жазған еңбектеріне шолу жасап, "Жігітке жеті өнер де аз, жетпіс өнер де көп емес" дегендей Мұхаметәлі Найманханұлының жеті қырын жіктеп берді.

Болатхан ағамыз алдымен досым адал азамат деген атақ әбден лайықты адам. - деп бастап оның адалдығына тоқталса, екінші Белсенді қоғам қайраткері, үшінші Тәлімгер ұстаз, төртінші қыры зерттеуші деп оның зерттеп жазған туындыларын ашып айтса, ары қарай ақындығы, жазушылығы, бір төбе екенін айта келіп Жайлау ағамыздың журналистік жолын, еңбектерін айтып, оның қаламынан жұрт құныға оқитын жүздеген очерк - мақалалары шыққанына бәріміз куәміз, - деді.

Келесі кезекте бауырлары, қызметтес достары кезек - кезек сөз алып, Жайлау ағамызды жатқан жерінен бір аунатып тастады. Дәулетбекова Күлайхан Тұрсынбекқызы бірге еңбек еткен жылдары туралы естелік айтса, досы, журналист Дүйсен Мұхаметшарұлы "Дос қадірі" деген өлеңін оқыды.

...Сол кезде достар болдық емен жарқын, Жайлау, Жамау үшеуіміз болған жақын. Сыйластық бірге туған бауырлардай, Кірген жоқ арамызға ешбір салқын. Жамау, Жайлау сол кезде қос азамат, Жасындай жастар еді көрсен қарап. Салмақты да білімді, әрі сері, Сегіз қырлы, бір сырлы ерлер жағап. Болсаң да Жайлау сенің кішілігің, Өзгеше еді ақылың мен кісілігің. Кең едің, жан дүниең жайсаң еді, Тектілік ед сыйластық түсінігің - дей келе өлеңнің соңын: Бұл күнде сен де жоқсың, Жамау да жоқ, Бұрынғы алаңсыз шақ, алау да жоқ. Құлазып сендерді іздеп сағынамын, Елендеп, жан - жағыңа қарау да көп - деп досқа деген сағынышын тебіреніспен жеткізді...

Шара соңында «Жас тілші - 2025» байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі болды.

Қазылар алқасының шешімі бойынша Бас жүлде (100 000 теңге) және дипломмен - Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп - гимназиясының 10-сынып оқушысы Аяна Жарқынқызы марапатталса, жүлделі I - дәрежелі дипломмен (70 000 теңге) сыйлықты Н.Есеболатов атындағы орта мектебінің 10-сынып оқушысы Сәзім Есенбай иеленді. II дәрежелі дипломды (50 000 теңге) Т.Тоқтаров атындағы орта мектебінің 9-сынып оқушысы Кәусар Дарынқызы жеңіп алды. жүлделі III дәрежелі Дипломмен (30 000 теңге) Б.Сырттанов атындағы орта мектебінің 10-сынып оқушысы Зерде Ақылбекқызы марапатталды. Қалған оқушыларға ын-талаңдыру сыйлығы мен "Алғыс хаттар" тапсырылды.

Соңында "Ақ Отау" кафеесінде Жайлау ағамызға арналып ас берілді. Иә, өмірінің соңына дейін бүкіл саналы ғұмырын жазу өнеріне арнаған жерлес қаламгердің туындылары болашақта ғылыми тұрғыда зерттеліп, өзінің лайықты бағасын алады деп сенеміз.

Ербол СЫМХАНОВ,
қазылар алқасының мүшесі.

Ұлы Жеңіске мәңгілік тағзым!



Жеңіс күні - Қазақстан халқы үшін айтулы мереке. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде миллиондаған қазақстандық неміс фашизміне қарсы күресте жан алысып, жан беріскеніне тарих куә. Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің сол жылдардағы ерен еңбегі - бүгінгі жастардың мәңгілік есінде. Осыған орай биылғы жылы Ұлы Жеңіске 80 жыл толуына арналған мерекелік шаралар өткізілуде.

Көшкентал ауылдық кітапханашысының ұйымдастыруымен, кітапханада «Ұлы Жеңіске мәңгілік тағзым» тақырыбында ауылымыздың тыл еңбек ардагерлерін және ауыл тұрғындарының қатысуымен дөңгелек түстел өтті. Шараны кітапханашы құттықтау сөзбен бастап, 8 сынып оқырманы Әбді Ақмарал жүргізді.

Шара барысында «Ұлы Отан соғысы» туралы айтылып, көптеген мағлұматтар берілді, сұрақтар қойылды. «Ардагерлер асыл ерлер» атты ұйымдасырылып қойылған кітап көрмесімен таныстырылып, библиографиялық шолу жасалды, көрмеге 40 тан астам кітаптар қойылды.

Тыл еңбек ардагерлері Абева Нұрсұлу апа мен Ақтоқалов Сүндетбай ата өздерінің соғыс кезіндегі көрген қиыншылықтарын,

өз бастарынан өткерген тарихи сәттерінен сыр шертті. «Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз - өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар» жайлы көптеген көрген, білгендерін, басынан өткен әңгімелерін, естеліктерін айтып өтті.

Ауылымыздың зейнеткері 42 жыл ұстаздық еңбек еткен Нұрмышева Жұмагүл апай тыл еңбек ардагерлерін мерекелерімен құттықтады.

22 жыл әр салада 21 жыл мемлекеттік қызметте еңбек еткен Айтқожина Бақыт апай да құттықтап, ардагерлерге өз сыйлығын табыс етті.

Жастар нұсқаушысы Турлуғұлова Минура құттықтау сөз сөйлеп, Жеңістің 80 жылдығына арналған төсбелгілерін тақты.

Бсынып оқырман оқушылар Жайлаубай Аңсар, Жанатқан Әзиза, Сүгірбек Айзада көркемсөз оқыды. 2 сынып оқырманы Мұхтар Инжу «Катюша» биін биледі.

Шараға қытысып, атсалысқан

оқырмандарға және жастар нұсқаушысына алғысымды білдіремін.

Шара соңында келген қонақтар өздерінің жылы лебіздерін білдіріп, алғыстарын айтты. Қонақтарға дастархан жайылды, тыл еңбек ардагері Ақтоқалов Сүндетбай атамиз соғыста опат болған жауынгерлердің рухына құран бағыштады.

Тарихта ешбір теңдесі жоқ, Ұлы Отан соғысының Ұлы Жеңісі оңайлықпен келген жоқ. Майдангерлердің иығына аса ауыр жүк түсіп, Отаны, елі үшін от болып жанды, оқ болып атылды. Қаншама боздақтар ұрыс даласынан қайтпай қалды. Арын, байрақ, намысын найза еткен ерлердің қаһармандығы аңызға айналды. Осы қасиетті күні адалдық пен еліне деген жанқиярлықтың үлгісін көрсеткен қаһармандардың рухы алдында бас иіп, тағзым етеміз.

Сондықтан да, еліміз үшін 9 мамыр мерекесінің орны ерекше. Өйткені, Қазақстан тарихындағы Жеңіс күні - бұл бабаларымыздың ерлігі мен батырлық даңқы айшықталған күн.

Ел басына күн туған сәтте туған жердің намысы үшін майданға аттанып, Отан үшін жанқиярлық ерлік көрсеткен жауқұрек қаһарман бабаларымыздың ерлігін естен шығаруға болмайды. Сол үшін де 9 мамыр күні - қайсарлықтың, қайтпас рух пен жалынды жігердің хас үлгісін көрсеткен барша соғыс және тыл ардагерлерінің алдында тағзым етуге тиіспіз.

Осы күні болашақ үшін құрбан болған миллиондаған адамдарды еске алып, мерекені Отанға деген сүйіспеншіліктің нышаны ретінде атап өтуге де тиіспіз. Бүгінгі ұрпақ - өзіміздің бейбіт өмірімізде, алаңсыз күлкімізде, тыныш ұйқымызда, тербелген тал бесіктің қуанышында Отанды қорғаған аталарымыз бен әжелеріміздің мәңгілік үлесі тұрғанын ұмытпай, аталарымыздың ұрпаққа аманат етіп қалдырған Ұлы Жеңісін қадірлей білейік.

А.ТҮСТЕБАЕВА,
Көшкентал ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

Жеңіс күні!

Жеңіс келді далама,
Күндей күлген жанама.
Батырлардың ерлігін —
Мәңгі сақта санаңа.

Елім бүгін қуанды,
Тыныштықтың бұл әні.

Ардагерге алғыс айт,
Ол - бейбіт күн қыраны.

Әлинұр МАДИ,
«Көлтабан негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ 2-сынып оқушысы.

АҚСУ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ

Ақсу ауданы Егінсу, Молалы, Қаракөз және Қарашілік ауылдық округі әкімдерінің сайлауын тағайындау және сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-1 бабына сәйкес, Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсу ауданының Егінсу, Молалы, Қаракөз және Қарашілік ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы 2025 жылдың 15 маусымға тағайындалсын.

2. Ақсу ауданының Егінсу, Молалы, Қаракөз және Қарашілік ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың қоса беріліп отырған күнтізбелік жоспары бекітілсін.

3. Осы Қаулы Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-парақшасына және аудандық «Ақсу өңірі» газетінде жариялансын.

4. Осы Қаулының орындалуын бақылау аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы И.Жұмагелдиеваға жүктелсін.

Төраға
Хатшы

С.ЖҰМАБЕКОВ
И.ЖҰМАГЕЛДИЕВА

Жансүгіров ауылы,
2025 жылғы 07 мамыр,
№25

Ақсу ауданының ауылдық округі әкімдерінің сайлауын өткізу үшін сайлау округтерін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына, 22-бабына сәйкес Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсу ауданы Егінсу ауылдық округі әкімі сайлауын өткізу үшін Егінсу, ауылдық округінің шекарасында Егінсу сайлау округі құрылсын;

2. Ақсу ауданы Молалы ауылдық округі әкімі сайлауын өткізу үшін Молалы ауылдық округінің шекарасында Молалы сайлау округі құрылсын;

3. Ақсу ауданы Қаракөз ауылдық округі әкімі сайлауын өткізу үшін Қаракөз ауылдық округінің шекарасында Қаракөз сайлау округі құрылсын;

4. Ақсу ауданы Қарашілік ауылдық округі әкімі сайлауын өткізу үшін Қарашілік ауылдық округінің шекарасында Қарашілік сайлау округі құрылсын;

3. Егінсу, Молалы, Қаракөз және Қарашілік ауылдық округтерінің тізімі олардың шекаралары мен аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-бетінде және аудандық «Ақсу Өңірі» газетінде жариялансын.

Төрағасы
Хатшы

С.ЖҰМАБЕКОВ
И.ЖҰМАГЕЛДИЕВА

Жансүгіров ауылы,
2025 жылғы 07 мамыр,
№ 26

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 07 мамырдағы №25 қаулысына қосымша

2025 ЖЫЛҒЫ 15 МАУСЫМҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ЕГІНСУ, ҚАРАКӨЗ, ҚАРАШІЛІК ЖӘНЕ МОЛАЛЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІ ӘКІМДЕРІНІҢ САЙЛАУЫН ӘЗІРЛЕУ МЕН ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

1. Егінсу, Қаракөз, Қарашілік және Молалы ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын тағайындау Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

2025 жылғы 7 мамыр

(113-1-б. 2-т.)

2. Сайлау округтерінің тізімін, олардың шекаралары мен аудандық сайлау комиссиясының орналасқан жерін көрсете отырып, тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Сайлау тағайындалғаннан кейін он күн мерзімнен кешіктірмей,
2025 жылғы 17 мамырдан кешіктірмей

(22-б.)

3. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.
Сайлау тағайындалғаннан кейін он күн мерзімнен кешіктірмей,
2025 жылғы 17 мамырынан кешіктірмей

(13-б. 4-т.)

4. Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күннен кешіктірмей,
2025 жылғы 22 мамырынан кешіктірмей

(17-б. 2-т.)

5. Сайлау учаскелерінің шекаралары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

Аудан әкімі.
Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күндік мерзімнен,
2025 жылғы 22 мамырынан кешіктірмей

(23-б. 5-т.)

6. Әкім болуға кандидатты ұсыну

Белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар және өзін-өзі ұсыну тәртібімен азаматтар.
Егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, сайлау тағайындалған күннен кейінгі күннен басталады және сайлау өткізілетін күнге жиырма бес күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады.
2025 жылғы 8 мамырдан басталады және **2025 жылғы 20 мамырда** жергілікті уақыт бойынша **сағат 18-00-де** аяқталады

(113-3-б. 1-т., 5-т.)

7. Әкім болуға кандидаттардың Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында (бұдан әрі – сайлау туралы Конституциялық заң), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті.

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

(113-2-б.)

8. Әкім болуға кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.
Әкім болуға кандидаттың Қазақстан Республикасының Конституциясында және Сайлау туралы Конституциялық заңда көзделген **талаптарға сәйкестігі анықталған күннен бастап**

(14-б. 8-1) т., 31-б)

9. Әкім болуға кандидаттарға, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған, қолдап қол жинау үшін қол қою парақтарын беру

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.
Кандидаттың Қазақстан Республикасының Конституциясында және Конституциялық заңында, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін **үш күн ішінде**

(113-4-б.)

10. Әкім болуға кандидаттарды қолдау үшін жиналған қолдардың дұрыстығын тексеру және тиісті хаттаманы рәсімдеу

Құжаттандыру және паспорттар мен жеке куәліктер беру жөніндегі органның қызметінің қызметкерлерін тарта отырып

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Тиісті сайлау комиссияларына өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған азаматтардан қол қою парақтарын тапсырғаннан кейін **үш күн мерзімде.**

(113-4-б. 8-т.)

11. Жергілікті атқарушы органдардың шотына әкім болуға кандидаттардың республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төменгі жалақының бір еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізу.

Әкім болуға кандидаттар, саяси партиялар (әрбір ұсынылған кандидат үшін).

Кандидатты тіркегенге дейін

(113-5-б. 2-т.)

12. Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына ұсыну мерзімі басталған айдың бірінші күніне активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды ұсыну (2025 жылғы 1 мамырға)

Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы)
кандидатты тіркегенге дейін

(113-5-б. 3-т.)

13. Кандидат және оның жұбайының (зайыбының) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру

Мемлекеттік кіріс органдары

Кандидат тіркелген күннен бастап бес күн ішінде

(113-5-б. 3-т.)

14. Әкім болуға кандидаттарды тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және сайлау күніне жиырма күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат 18-00 де аяқталады
2025 жылғы 8 мамырда басталады және **2025 жылғы 25 мамырда** жергілікті уақытпен **сағат 18.00-де аяқталады**

(113-5-б.)

15. Әкім болуға кандидатты тіркеу туралы хабарламаны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Кандидатты тіркегеннен кейін бесінші күннен кешіктірмей

(113-5-б. 9-т.)

16. Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және оларды жарақтандыру

Ақсу ауданының жергілікті атқарушы органдары және Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Үгіт басталғанға дейін

(28-б. 6-т.)

17. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу

Кандидатты тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

2025 жылдың 25 мамырда жергілікті уақыт бойынша **сағат 18.00-ден** кейін басталып және **2025 жылдың 14 маусымда** жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта **аяқталады**

(27-б. 2-т.)

18. Әкім болуға кандидаттарға сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайлар беру және бөлінген үй-жайларда кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен кездесу кестесін жасау және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

Ақсу ауданының жергілікті атқарушы орган және Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде

(28-б. 4-т.)

19. Әрбір сайлау учаскесі бойынша әкім қол қойған сайлаушылардың тізімдерін сайлау комиссияларына акт бойынша ұсыну

Аудан әкімі.

Дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын,
2025 жылғы 26 мамырына дейін

(24-б. 5-т.)

20. Сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдерін танысу үшін сайлаушыларға ұсыну

Учаскелік сайлау комиссиялары

Дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда,
2025 жылғы 31 мамырдан бастап

(26-б. 1-т.)

21. Сайлаушыларды дауыс беру уақыты мен орны туралы хабардар ету

Учаскелік сайлау комиссиялары

Дауыс беру өткізілетін күнге дейінгі он күннен кешіктірмей,
2025 жылғы 5 маусымнан кешіктірмей

(18-б. 5-т., 38-б. 2-т.)

22. Дауыс беруге арналған сайлау бюллетеньдерін учаскелік сайлау комиссияларына жеткізу

Ақсу аудандық сайлау комиссиясы.

Сайлауға үш күннен ерте емес және кемінде бір күн қалғанда,
2025 жылғы 12 маусымнан ерте емес және 14 маусымнан кешіктірмей

(37-б. 3-т.)

23. Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттама жасау

Учаскелік сайлау комиссиялары

Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда

Егер дауыс беруді бастаудың басқа уақыты белгіленбесе, **2025 жылғы 15 маусымды** жергілікті уақыт бойынша **сағат 06:00-де**

(40-б. 1-т.)

24. Дауыс беруді өткізу

Учаскелік сайлау комиссиялары

2025 жылғы 15 маусымда жергілікті уақыт бойынша **сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін**

(38-б. 1-т.)

25. Дауыстарды санау және сайлау учаскесінде тиісті әкімдер сайлауы бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар жасау

Учаскелік сайлау комиссиялары

Жергілікті уақыт бойынша **сағат 20:00-де** басталады

(18-б. 8 т., 43-б.)

26. Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін сайлау учаскесінің үй-жайында жалпы жұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орынға ілу

Учаскелік сайлау комиссиялары

Хаттамаларға қол қойылғаннан кейін – дереу

(43-б. 8-т.)

27. Сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды аудандық сайлау комиссиясына ұсыну

Учаскелік сайлау комиссиялары

Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – дереу

(113-8-б. 1-т.)

28. Әкім сайлауының қорытындыларын анықтау

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Сайлаудан кейін үш күн мерзімнен кешіктірмей

2025 жылғы 18 маусымынан кешіктірмей

(113-10 б.)

29. Әкімді сайлау қорытындылары туралы хабарды жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Сайлау өткізілген күннен бастап жеті күннен кешіктірмей.

2025 жылғы 22 маусымнан кешіктірмей

(44-б.)

30. Сайланған әкімді тіркеу, тиісті куәліктер беру

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімде

Сайланған әкімдерден жеті күн мерзім ішінде Конституцияға және сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес әкім мәртебесімен сыйыспайтын міндеттерді өздерінен алып тастау туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін.

2025 жылғы 22 маусымнан кешіктірмей

(45-б., 46-б. 3-т., 2-т.), 1-т. 113-11-б.)

ЕСКЕРТПЕ: Күнтізбелік жоспардың мәтінінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер берілді.

АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
 Орталығы: Жансугуров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5 "В", тел. 8 72832 29102.
 Комиссия төрағасы – Жұмабеков Сакен Сепылғазыұлы
 Комиссия төрағасының орынбасары – Баймади Олжас Тәңірбергенұлы Комиссия хатшысы – Жұмагелдиева Индира Жұмагелдықызы
 Комиссия мүшелері: Шарипова Зейнегүл Исатайқызы, Оразғалиева Сая Адбиқызы, Мұсабаланов Ғабит Ахметқожаұлы, Карибаева Динара Саятқызы.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ**№12 учаскелік сайлау комиссиясы**

Орталығы: Қаракөз ауылы, Жамбыл көшесі №19, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" ММ "Бижарас Садырбайұлы атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" КММ.
 тел. 8 (72832) 29296.

Комиссия төрағасы – Бұхарбаев Алихан Молдаханұлы
 Комиссия төрағасының орынбасары – Мұхамәдиев Тәңірберген Жұмаділұлы
 Комиссия хатшысы – Баймұхашева Қымбат Нурахметқызы

Комиссия мүшелері: Абеева Багдаұл Жұмағалиқызы, Сарынбаев Серғазы Асембекұлы

№13 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Кеңғарын ауылы, Шірікарал көшесі №35, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" ММ "Кеңғарын орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" КММ.
 тел. 8 (72832) 29298.

Комиссия төрағасы – Ахметжанов Қайрат Мұхаметбайұлы
 Комиссия төрағасының орынбасары – Әшімханова Бақыт Құмарқызы
 Комиссия хатшысы – Абдуәлиева Гүлнұр Абдуәлиқызы

Комиссия мүшелері: Батырбаев Садатбек Бейсенбекұлы, Құмарбеков Қуат Қабдолдаұлы

№15 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Сағабүйен ауылы, Абылайхан көшесі №26, Сағабүйен ауылдық Рахым Тәжібаев атындағы мәдениет үйі.
 тел. 8 (72832) 50092.

Комиссия төрағасы – Ғазизова Марал Ыдырысқызы
 Комиссия төрағасының орынбасары – Саудабекова Асем Қанатбекқызы
 Комиссия хатшысы – Кокежанова Раушан Бейсенбекқызы

Комиссия мүшелері: Балықбаева Гүлнар Құдайбергенқызы, Қызылбаева Раушан Байниязқызы

№16 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Қарашілік ауылы, Қастекбаев көшесі №7А, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" ММ "Қарашілік орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" КММ.
 тел. 8 (72832) 29539.

Комиссия төрағасы – Байметенова Лязат Жамалиевна
 Комиссия төрағасының орынбасары – Қастекбаева Салтанат Тұрсынқызы
 Комиссия хатшысы – Қалиева Гүлбақыт Қайратқызы

Комиссия мүшелері: Махмұтов Илияс Ардақұлы, Наваев Кыдырбек Нурахметович

№37 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Алажиде ауылы, Мектеп көшесі №3А, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" ММ "Алажиде негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" КММ.
 тел. 8 (72859) 20010.

Комиссия төрағасы – Секенов Нурлан Болатханұлы
 Комиссия төрағасының орынбасары – Дүйсебаев Қыдырбек Қабдолдаұлы
 Комиссия хатшысы – Данахметова Гүлзира Дандахметқызы

Комиссия мүшелері: Қыбраев Айдын Қанатбекұлы, Құсмолданова Айгүл Нұрсапақызы

№38 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Молалы ауылы, Сексенбай көшесі №25А, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" ММ "Мұхтар Әуезов атындағы негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" КММ.
 тел. 8 (72832) 28291.

Комиссия төрағасы – Бакеева Нұргүл Әміренқызы
 Комиссия төрағасының орынбасары – Шабетов Нұрланбек Мырзахметұлы
 Комиссия хатшысы – Барысова Гульнар Ешмұхамбетовна

Комиссия мүшелері: Малдыбаева Гүлжихан Мелдеханқызы, Үскенбаев Серік Манапұлы

№39 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Егінсу ауылы, Алтынсарин көшесі №22, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" ММ "Егінсу орта мектебі" КММ.
 тел. 8 (72832) 28179.

Комиссия төрағасы – Базаров Талап Темирбекұлы
 Комиссия төрағасының орынбасары – Құсмолдина Майра Қанатбекқызы
 Комиссия хатшысы – Мадығалиева Гүлжан Дәулетханқызы

Комиссия мүшелері: Анықбаева Нәзира Жалбасқызы, Дасербаев Руслан Серікбайұлы

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ**№12 сайлау учаскесі.**

Орталығы: Қаракөз ауылы, Жамбыл көшесі №19, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" ММ "Бижарас Садырбайұлы атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" КММ.
 Шекарасы: Қаракөз ауылы.

№13 сайлау учаскесі.

Орталығы: Кеңғарын ауылы, Шірікарал көшесі №35, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" ММ "Кеңғарын орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" КММ.
 Шекарасы: Кеңғарын ауылы.

№15 сайлау учаскесі.

Орталығы: Сағабүйен ауылы, Абылайхан көшесі №26, Сағабүйен ауылдық Рахым Тәжібаев атындағы мәдениет үйі.
 Шекарасы: Сағабүйен, Сағакүрес ауылдары.

№16 сайлау учаскесі.

Орталығы: Қарашілік ауылы, Қастекбаев көшесі №7А, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" ММ "Қарашілік орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" КММ.
 Шекарасы: Қарашілік ауылы.

№37 сайлау учаскесі.

Орталығы: Алажиде ауылы, Мектеп көшесі №3А, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" ММ "Алажиде негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" КММ.
 Шекарасы: Алажиде ауылы.

№38 сайлау учаскесі.

Орталығы: Молалы ауылы, Сексенбай көшесі №25А, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" ММ "Мұхтар Әуезов атындағы негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" КММ.
 Шекарасы: Молалы ауылы, Қараой, Қайрақты разъездері.

№39 сайлау учаскесі.

Орталығы: Егінсу ауылы, Алтынсарин көшесі №22, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Егінсу орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
 Шекарасы: Егінсу ауылы, Құмтөбе разъезі.

АҚСУ АУДАНЫ АУЫЛДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ, ӘКІМ САЙЛАУЫ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТІЗІМІН ЖАРИЯЛАЙДЫ

(22 бап)

№	Ауылдық округтің атауы	Ауылдық округ шекаралары	Аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері
1	Егінсу ауылдық округі	Егінсу ауылдық округінің әкімшілік шекараларында	Жансугуров ауылы, Желтоқсан көшесі 5В, тел. 8 72832 29102. Ақсу ауданының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ ғимараты
2	Молалы ауылдық округі	Молалы ауылдық округінің әкімшілік шекараларында	Жансугуров ауылы, Желтоқсан көшесі 5В, тел. 8 72832 29102. Ақсу ауданының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ ғимараты
3	Қаракөз ауылдық округі	Қаракөз ауылдық округінің әкімшілік шекараларында	Жансугуров ауылы, Желтоқсан көшесі 5В, тел. 8 72832 29102. Ақсу ауданының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ ғимараты
4	Қарашілік ауылдық округі	Қарашілік ауылдық округінің әкімшілік шекараларында	Жансугуров ауылы, Желтоқсан көшесі 5В, тел. 8 72832 29102. Ақсу ауданының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ ғимараты

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» №138 қаулысының 8-тармағының, 1), 2)-тармақшаларына сәйкес 2025 жылдың маусым айының 09-ы күні сағат 15:00-де Жаңалық ауылдық округ әкімдігінің мәжіліс залында Ақсу ауданы, Жаңалық ауылының Жаңатілеу көшесінің атын Ахметқали Андабаев есіміне ауыстыру бойынша жергілікті қауымдастық кеңесімен бірлескен жиналыс өтетінін хабарлаймыз.

ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТТЕР:

Ахметқали Андабаев -1916 жылы Сарқан ауданы, Көкөзек ауылында туған.
 1938 жылы әскери борышын өтеу үшін Қызыл әскер қатарына алынады. Әскердегі міндетін атқарып жүріп, Фин соғысына қатысады.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» №138 қаулысының 8-тармағының, 1), 2)-тармақшаларына сәйкес 2025 жылдың маусым айының 09-ы күні сағат 15:00-де Жансугуров ауылдық округі әкімдігінің мәжіліс залында Ақсу ауданы, Жансугуров ауылының шығыс бөлігіндегі үшінші және төртінші көшелерге атау беру бойынша жергілікті қауымдастық кеңесімен бірлескен жиналыс өтетінін хабарлаймыз.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

"Qazgold mining" ЖШС, Жетісу облысында 03.09.2024 жылғы №2818-EL лицензиясы бойынша L-44-99-(10E-5B-14) (ішінара) блоктарында қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін жобалық құжаттама бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Учаскелік географиялық координаттары: 1) 45 08 00 с.е., 79 28 00 ш.б.; 2) 45 08 00 с.е., 79 29 00 ш.б.; 3) 45 07 00 с.е., 79 29 00 ш.б.; 4) 45 07 00 с.е., 79 28 00 ш.б.

Аумағына әсер етуі мүмкін: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Суықсай а.о., Баласаз а.

Аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Ақсай а. о., Суықсай а. Баласаз а. тұрғындарының қатысуымен

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 45 08 23 с.е., 79 24 15 ш.б.

Тыңдау 16.06.2025 ж., 12:00, Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Суықсай а. о., Суықсай а., Омар Шәріп к-сі, 18, әкімдік ғимараты өткізіледі.

Жобалық құжаттама пакетімен сайттағы бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural/activities/directions?lang=ru>

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ "Жетісу облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, email: 7su_expertiza@mail.ru тел.8 (7282) 32-92-67.

"Qazgold mining" ЖШС бастамашысы, БСН 210140038856,

Мекен-жайы: 050040, ҚР, Алматы қ., Бостандық ауданы, Нахимов көшесі, № 51 үй, 71 пәтер. Тел.: 87016404099, e-mail: qazgoldmining@mail.ru

Экологиялық құжаттаманы өзірлеуші С.А.Өтегенов ЖК болып табылады.

Мекен-жайы: ҚР, Ақтөбе қ., Бөкенбай батыр к-сі, 129Д, ҚК, 168А, БСН 130940007888.

Анықтама үшін әл.пошта және телефон: Aigul-kz79@mail.ru +77026624010

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта (ашық жиналыс және бейнеконференциялар) өткізіледі. Белсенді сілтеме (ZOOM сілтемесі): <https://us05web.zoom.us/j/81538181781?pwd=LTIkXvTKIzaX10IGit47mDfpFznWC.1>

Конференция идентификаторы: 815 3818 1781 Кіру коды: MKnzf8

1945-1950 ж. Ақсу аудандық салық инспекциясында қызмет атқарды.
 1963-67 ж. Қаракөз ауылдық округіне екі мәрте депутаттыққа сайланған.
 20.12.1998 жылы қайтыс болды.

Марапаттары: Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуков медалі марапаты.

I дәрежелі Даңқ ордені 11.03.1985ж. №2411039,

III дәрежелі Даңқ ордені 01.05.1945ж. №603385

«Жауынгерлік ерлігі үшін» медалі марапаты.

«Ерлігі үшін» марапаты 19.02.1947 жыл. № 068331

«За трудовую доблесть» Е № 575884

«1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің мерекелік медалдері

1949 жылғы 04 шілдедегі №85 бұйрығы бойынша финанс службасының I рангалы кеңесшісі атағы берілген.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

В соответствии с подпунктами 1), 2) пункта 8 Постановления Правительства Республики Казахстан от 24 февраля 2014 года № 138 «Об утверждении правил присвоения наименований административно-территориальным единицам, составным частям населенных пунктов, их переименования, а также учета мнения населения соответствующей территории при уточнении и изменении транскрипции их наименований» сообщаем, что 09 июня в актовом зале акимата Жансугуровского сельского округа состоится совместное совещание с советом местного сообщества по присвоению наименований улицам третьей и четвертой восточной части села Жансугурова Аксуского района.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

ТОО "Qazgold mining", сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектной документации для получения экологического разрешения на воздействие к Плану разведки твердых полезных ископаемых на блоках L-44-99-(10E-5B-14) (частично) в Жетысуйской области по Лицензии №2818-EL от 03.09.2024 года.

Географические координаты участка: 1) 45 08 00 с.ш., 79 28 00 в.д.; 2) 45 08 00 с.ш., 79 29 00 в.д.; 3) 45 07 00 с.ш., 79 29 00 в.д.; 4) 45 07 00 с.ш., 79 28 00 в.д.

Перечень административно-территориальных единиц на территории которых может быть оказано воздействие: область Жетісу, Аксуский район, Суықсайский с.о., с.Баласаз.

На территории которых будут проведены общественные слушания: область Жетісу, Аксуский район, Суықсайский с.о., с.Суықсай с присутствием жителей с.Баласаз

Географические координаты территории воздействия: 45 08 23 с. ш. 79 24 15 в. д. Слушания будут проведены 16.06.2025 г., 12:00, область Жетісу, Аксуский район, Суықсайский с.о., с.Суықсай, ул. Омар Шарип 18, здание акимата.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале на сайте <https://ndbecology.gov.kz/>, а также на сайте местного исполнительного органа <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural/activities/directions?lang=ru>

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», email: 7su_expertiza@mail.ru тел. 8 (7282) 32-92-67.

Инициатор ТОО "Qazgold mining", БИН 210140038856,
 Адрес: 050040, РК, г. Алматы, Бостандыкский район, улица Нахимова, дом № 51, Квартира 71. Тел.: 87016404099, e-mail: qazgoldmining@mail.ru
 Разработчиком экологической документации является ИП Утегенов С.А.
 Адрес: РК, г. Ақтобе, ул. Бокенбай батыра, 129Д, оф. 168А, БИН 130940007888.
 Эл. почта и телефон для справок: Aigul-kz79@mail.ru; +77026624010
 Общественные слушания проводятся в смешанном формате (открытого собрания и видеоконференцсвязи). Активная ссылка (ссылка в ZOOM): <https://us05web.zoom.us/j/81538181781?pwd=LTIkXvTKIzaX10IGit47mDfpFznWC.1>
 Идентификатор конференции: 815 3818 1781
 Код доступа: MKnzf8

"ТАЗА ҚАЗАҚСТАН" ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҚЦИЯСЫ



Санитарлық тазалық айлығы аясында аудан көлемінде 13 сенбілік өткізілді, 5120 адам қатысты, 301 тонна қоқыс шығарылып, нәтижесінде 4770 түп (3720 жапырақты 1050 қылқан жапырақты) көшет отырғызылып, 15 техника жұмылдырылды.

Санитарлық тазалық бойынша ауылдық округтер әкімдіктері тұрғындарға 2024 хабарландыру таратты. Оның ішінде Жансүгіров ауылында 114 коммерциялық нысан бар. Оның 25 нысан иелеріне учаскелік полиция инспекторымен бірлесіп ескерту хаттамасы толтырылды.

Мадияр НҰРАХМЕТОВ, "Ақсу ауданының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар келігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" ММ басшысы.

ЖАСТАРМЕН АШЫҚ ДИАЛОГ: ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ БАСТЫ НАЗАРДА



Ақсу ауданы, І.Жансүгіров ауылындағы Ақсу агротехникалық колледжінде жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында маңызды кездесу ұйымдастырылды.

Іс-шараға Ақсу аудандық полиция бөлімінің Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің ювеналды полиция тобының инспекторы, полиция лейтенанты Тәңірберген Тимур Радионұлы және Ақсу ауданының прокуроры Ниязов Дастан Несіпбайұлы арнайы шақырылып, колледж студенттерімен ашық диалог орнатты.

Кездесу барысында жастарға бірнеше маңызды тақырыптар бойынша жан - жақты түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда:

- нашақорлықтың адам өмірі мен денсаулығына зияны,
- буллинг пен кибербуллингтің әлеуметтік-психологиялық әсері,
- жол қозғалысы ережелерінің маңыздылығы,
- скутер мен мопед секілді көлік құралдарын дұрыс және қауіпсіз басқару ережелері кеңінен талқыланды.

Спикерлер студенттер-

ге құқықтық білімнің маңызын түсіндіре отырып, оларды жауапкершілікке, тәртіпке және қоғам алдындағы өз рөлдерін сезінуге шақырды. Әзімге барысында нақты мысалдар келтіріліп, жастар тарапынан қойылған сұрақтарға да ашық жауап берілді.

Сондай-ақ, осы күні ауыл тұрғындарымен де кездесулер ұйымдастырылып, нашақорлықтың алдын алу бағытында ақпараттық жадынамалар таратылды. Бұл жұмыстар ауыл тұрғындарының құқықтық мәдениетін көтеруге де бағытталды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жасөспірімдердің құқықтық сауатын арттырып, оларды теріс әрекеттерден, құқықбұзушылықтан сақтандыру. Жастардың бойында жауапкершілік, құқыққа құрмет пен заңға бағыну мәдениетін қалыптастыру бүгінгі қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Аталған бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да аудан көлемінде жалғасатын болады.

Динара ЖАНАТБЕКҚЫЗЫ, «Aqsu Jastary» филиалының маманы.

ЖЕҢІС – ХАЛЫҚТАР БІРЛІГІНІҢ ЖЕМІСІ

Тарихтың тар жол, тайғақ кешулерінде халықтардың бірлігі мен ынтымағы үлкен сынақтардан өтті. Әсіресе, Ұлы Отан соғысы кезінде сан ұлт өкілдерінің тізе қосып, ортақ жауға қарсы күресуі осының айқын дәлелі болды. Жеңіс – тек қарудың күшімен ғана емес, халықтардың ауызбіршілігі, ортақ мақсат жолындағы бірлігі мен табандылығының нәтижесінде келген ұлы жетістік.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Кеңес Одағының құрамындағы барлық халықтар майдан мен тылда бір кісідей еңбек етті. Қазақ, орыс, украин, беларус, өзбек, татар, грузин және басқа да ұлт өкілдері қан майданда ерлікпен шайқасты. Қазақстандықтар да бұл жеңіске өлшеусіз үлес қосты. Статистикаға сүйенсек, 1 миллион 205 мың қазақстандық майданға аттанып, олардың 600 мыңнан астамы қайтып оралмады. Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Мәлік Ғабдуллин, Рахымжан Қошқарбаев сынды қазақтың қайсар батырлары Отан жанын пидә етіп, өшпес ерлік жасады. Кеңес Одағының Батыры атағын алған қазақ сарбаздары да аз емес. Сондай-ақ Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова сияқты қазақ қыздары да ерлік танытып, өшпес даңққа бөленді. Соғыс тек майдан даласында жүріп қана қойған жоқ, тылда да орасан зор еңбек атқарылды. Қазақстан майданды азық-түлікпен, киім-кешекпен, қару-жарақпен қамтамасыз еткен маңызды аймақтардың бірі болды. Соғыстың алғашқы жылдарында Кеңес Одағының батыс бөлігінен көшірілген 220-



дан астам зауыт пен фабрика Қазақстанға қоныс аударды. Бұл өндіріс орындарында жергілікті халық пен эвакуацияланған жұмысшылар күндіз-түні еңбек етті. Әсіресе, әйелдер, қарттар мен балалар соғысқа кеткен ер азаматтардың орнын басып, тылда тынымсыз жұмыс істеді. Қазақстан жеріне түрлі халықтар эвакуацияланып, бірлік пен достықтың тамыры одан әрі тереңдей түсті. Сол кездегі халықтың кеңпейілділігі мен қонақжайлылығы мыңдаған адамдардың аман қалуына көмектесті. Осылайша, Ұлы Жеңіс – тек майдангерлердің ғана емес, барша халықтың ортақ жеңісі болды. Жеңістің басты сабағы – бейбітшілік пен ынтымақтың маңызын терең түсіну. Тарих көрсеткендей, халықтың бірлігі мен татулығы кез келген қиындықты жеңуге септігін тигізеді. Қазіргі таңда да халықтар достастығы мен бірлігі Қазақстанның негізгі құндылықтарының бірі болып саналады. Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Бүгінде елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері татулықта өмір сүріп жатыр. Бұл – өткен тарихтан қалған үлкен сабақтың бір көрінісі. Мемлекетіміздің басты ұстанымдарының бірі – ұлтаралық татулық пен бейбіт

өмірді сақтау. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ел бірлігінің берекесін арттырып, елдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға ерекше мән беруде. Тарихтан белгілі болғандай, бірлігі жарасқан ел ғана болашаққа нық қадам баса алады. Қазақстан бүгінде экономикалық, саяси және әлеуметтік тұрғыдан тұрақты мемлекет ретінде танылып келеді. Бұл – ел халқының ынтымақ-бірлігінің арқасында жеткен жетістік. Бірлік пен татулық – тек өткен тарихта ғана емес, қазіргі күннің де ең басты қағидаларының бірі. Әлемде тұрақсыздық пен қақтығыстар орын алып жатқан кезде, Қазақстандағы ұлтаралық келісім мен бейбітшіліктің құндылығы арта түсуде. Біздің міндетіміз – осы құндылықтарды сақтап, болашақ ұрпаққа аманат ету. Қорытындылай келе жеткізгім келгені, Жеңіс – халықтардың бірлігі мен ортақ мақсатқа жұмыла білуінің нәтижесі. Бұл – тарихтың ұмытылмас сабағы. Бізге бейбіт өмірдің қаншалықты қымбат екенін түсініп, оны қадірлеу қажет. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халықтардың ынтымағы мен достығы бүгінгі күнде де біз үшін үлгі болуы тиіс. Болашағымыз жарқын болуы үшін әрбір азамат ел ішіндегі тұрақтылық пен татулықты сақтауға өз үлесін қосуы керек. «Береке бастауы – бірлік» демекші, бірлігіміз бекем болса, мемлекетіміздің болашағы да жарқын болмақ.

Жұлдызай ТІЛЕКТЕСОВА, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның 1-курс студенті.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Жансүгіров ауылының Е.Сиқымов атындағы орта мектебінің акт залында Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп - гимназиясы, Ж.Сыдықов атындағы орта мектебі, Е.Сиқымов атындағы орта мектебінің оқушыларының қатысуымен маңызды әрі мазмұнды іс-шара – «Заң және тәртіп» идеологиясын жүзеге асыру мақсатында жасөспірімдермен кездесу ұйымдастырылды. Жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, есірткі заттарының зияны мен қауіптілігін түсіндіру мақсатында өткен бұл дәріске үш мектеп бойынша 136 оқушы қатысты.

Шараға арнайы шақырылған қонақтар қатарында Ақсу ауданының прокуроры Тұрсынов Дастан Несіпбайұлы, аудан прокурорының орынбасары Жұмабеков Арнұр Саятұлы, Ақсу аудандық мешітінің бас имамы Манбетов Анарбай Тасболатұлы, «Aqsu Jastary» филиалы жетекшісі Тілеубергенова Балғын Айдарқызы, Ақсу ауданы ПБ ЖПҚБ ЮПТ инспекторы, полиция старшинасы Тәңірберген Тимур Радионұлы, аудандық ауруханасының салауатты өмір салтын сақтау кабинетінің медбикесі Зарықбаева Гүлназ Осурбайқызы болды.

Кездесу барысында мамандар оқушыларға нашақорлықтың қоғамға, жеке тұлғаға тигізер



зияны туралы жан-жақты ақпарат берді. Сонымен қатар, заң тұрғысынан қарағанда бұл әрекеттің салдары, діни көзқарас және медицинадағы зияны жөнінде де кеңінен әңгіме өрбіді.

Тұрсынов Дастан Несіпбайұлы өз сөзінде жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алуда ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының маңыздылығына тоқталып, салауатты өмір салтын ұстану – болашақтың кепілі екенін атап өтті.

Мәнбетов Анарбай Тасболатұлы діннің адамды адалдыққа, тазалыққа тәрбиелейтіні жөнінде ой қозғап, зиянды әдеттерден аулақ болуға үндеді.

Медбике Гүлназ Осурбаева-на нашақорлықтың денсаулыққа

тигізетін кері әсерлері туралы нақты деректермен бөлісіп, есірткі қолданудың физикалық және психологиялық зияндары туралы мысалдар келтірді.

Бұл мазмұнды кездесудің басты мақсаты – жас ұрпақтың бойында жауапкершілік сезімін қалыптастырып, зиянды әдеттерден аулақ болуға бағыт беру. Осындай кездесулер – жасөспірімдердің ой-санасын дұрыс бағытта қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі. Салауатты ұрпақ – жарқын болашақтың кепілі.

Шынар ЗАМАНБЕК, Ақсу ауданы әдеп-құқық жұмысы жөніндегі менторлар жұмысын үйлестірушісі.

"АҚСУ Өңірі" Меншік иесі - ЖШС "Ақсу өңірі" газеті" Құрылтайшы, директор - бас редакторы ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488 Осы шығарылымның таралымы 2827

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.
Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz
Индекс: 66750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.